

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.6. - С.100-102

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӨПМӘДЕНИЕТТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Саймбетова Ж.

Қазақстан Республикасындағы 140- тан астам ұлт өкілдерінің ынтымақтастық пен келісімде өмір сүруі ұлтаралық қарым-қатынастың табыстылығының жетістігі. Ал халықтар достығы-жоғары мемлекеттік саясаттың нәтижесі және біздің халқымыздың өмірінің ажырамас бір бөлігі. Тілде адам әлемі және оның мәдениеті бейнеленіп қана қоймайды, оның маңызды қызметі жинақталған мәдениетті сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуінде. Сол себепті тіл: этникалық қауымдастық, халықтық, ұлттылық ұғымдарының сабақтастығында тұлғаның қалыптасуы мен оның ұлттық мінез-кұлқының дамуында ерекше рөл атқарады.

Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген [1, 2].

Республикамыздың білім саласының тілдік жағдай аясында соңғы бірнеше жылдар бойы үштілділікке байланысты болып жатқан белсенді пікірталастар тілдік білім берудің жаңа қырларын ашып көрсетуде.

Көптілді білім беру – бұл тұлғаның бір мезгілде бірнеше тілді меңгеріп, адамзат тәжірибесінің әлеуметтік маңызды «фрагменті» ретінде тіл білімі мен оны үйрену дағдысын, сөйлеу әрекетін нақты көрсете алатын, мәдениет пен тілге деген эмоционалды-құндылықтық қатынасты қалыптастыруға ықпал ететін, көптілді индивидтің мақсатты, ұйымдасқан, нормаға сәйкестенген оқытудың үштілділік үдерісіндегі тәрбиесі мен дамуы.

Көптілді тұлға дегеніміз - бұл бірнеше тілдерді белсенді тасымалдаушы. Сондықтан «лингвистикалық сана-сезімі дамыған индивидті» көпмәдениетті тұлға деп атайды [3]. Полилингвистикалық тұлға қалыптастыру – полимәдениетті білімдік ортаның дамуының негізгі бір бағыты. Көпмәдениетті тұлға тарихи сана-сезіммен қатар географиялық сана-сезіммен, ғаламдық ойлау сана-сезімімен және сол сияқты туған өлкесін, отанын, туған жерін, туған ошағын жақсы білуі тиіс.

Көпмәдениетті тұлғаның интегративті құрамында тұлғаның құқықтық сана-сезіміне қатысты Қазақстан Республикасындағы Заңдар мен Ата Заңның, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, сонымен қатар өзінің азамат ретіндегі құқықтары мен бас бостандығын бекітетін құжаттарға қанағаттанаралық танытатын құқықтық сана-сезімі болуы шарт

Көптілді білім беру барысында әрбір ұлттың негізгі құндылықтарын негізге алу халықаралық деңгейде қарастырылып, отандық және шетелдік ғалымдардың да ғылыми зерттеулерінің нысаны болып отырғаны анық. Көптілділіктегі теңсіздік, көптілді білім беру негізіндегі сауаттылық, және көптілді аудиториялық білім беруде теориялық тұрғыдан мұғалімдерді даярлау [4], шетелдік студенттерді екі тілде оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері мен билингвалды жүйені іске асыру [5] және т.б. зерттеулер теориялық тұрғыдан өте құнды болып табылды.

Көпмәдениетті тұлға ең алдымен тұтас дүниетанымдық көзқарастары қалыптасқан адам болуы керек. Бүгінгі таңда халықаралық қатынастардың күшейіп, соған сәйкес халықтар арасындағы өзара түсіністік мәселесінің алдыңғы қатарға шығуы, шетел тілін меңгеруде тіл мен мәдениет мәселелерінің ара қатынасына, олардың өзара байланысына, әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы диалогтің өзара түсіністік, ынтымақтастық жағдайында өрбіп, қалыптасуына ерекше талап қойылады. Мұндай талап көптілділікті меңгертуде әрбір халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшеліктерді құрметтеуге бағытталады. Өйткені, кез келген маман алдымен өз елінің қоғамдық-әлеуметтік саласының дамуына үлес қоса отырып, оның әлемдік аренаға шығаруға мүдделі болуы тиіс.

Көптілді білім – көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Көпмәдениетті тұлға – рельефті тарихи сана-сезімі қалыптасқан индивид. Тек қана тарихи сана-сезім этникалық және жалпымемлекеттік сана-сезімнің негізі деп саналады.

Этностарда мыңдаған жылдар бойы жинақталған ұлттық менталитет, мифтер тарихы, символдар, ұлттық бейне, стереотиптер халықтың тарихын білу арқылы қалыптасады, ал оларды білу тілдердің өзара сабақтастығында жүзеге асады.

Қазақстанның патриоты ретінде әр ұлттың азаматы өзін көрсете алатын,өзіне сай индивидті таңдайды. Полилингвиалды тұлғаның қалыптасуы әлемдік мәдениетті, тарихты, географияны, көркемөнерді, әдебиетті білуімен ғана емсе, ол ең алдымен тұлғаның өз халқының мәдениетін жақсы біліп,оны әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі ретінде түсінуімен де ерекшеленеді.

«Біз – Қазақстандықтар, біртұтас халықпыз!. Біздің ортақ тағдырымыз – Мәңгілік Ел, біздің лайықты да ұлы Қазақстан! «Мәңгілік Ел» – жалпықазақстандық шаңырағымыздың ұлттық идеясы, ата-бабаларымыздың аңсаған арманы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді, барлық қазақстандықтарды біріктіретін және еліміздің болашағының

іргетасы болып қаланатын ұлттық құндылықтарымызды жаңғырттық. Сол құндылықтарымыздың арқасында біз елімізді нығайтып, табыстарымызды көбейтіп, әрдайым жеңіске жетіп отырғанбыз. Бұл мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі қаланады» (Н.Ә. Назарбаев) [6].

Көпмәдениеттілік тәрбиесі өркениеттіліктің күрделі жүйесін түсінуге ықпал ететін мәдени байланыстарды ғана қамтымайды. Оның маңыздылығы тұлғаның басқа мәдениетке енуі процесінде оның өзіндік жеке мәдениетінің өсіп дамуында болып табылады, және көпмәдениеттілік тәрбиесі – бұл тек басқа мәдениетке толерантты сыйластық қарым-қатынас қана емес, бұл оқушының жеке интеллект ретінде рухани дамуы үшін маңызды процесс ретінде қарастыруға болады.

Қорыта айтқанда, индивидтің тілдерді білуі мәдениетаралық қарым-қатынастың басты талабы, тіл – ұлттың әлеуметтік құрылым ретінде пайда болуы мен қалыптасуының құралы, мәдениеттің түйінді құбылысы және ұлттық тұтастықтың механизмі болып саналады. Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес. Ол ұлттық сана-сезімнің базалық элементі, халықтың руханилығының дінгегі, ұлттық тәрбиенің маңызды құралы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасындағы 2011–2020 жж. тілдердің мемлекеттік даму бағдарламасы мен әрекеті, Астана, 2011 ж.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ 2014 жылғы 17 қаңтар.

3 Ахутина Т.В. Кіріспе мақала // Томаселло, Майкл. Адами қарым-қатынас бастаулары / ағылшын тілінен аударма. М.В. Фаликман, Е.В. Печенкова, М.В. Сеницына, Анна А. Кибрик, А. И. – М.: 2011. — 20с.

4 Bonny Norton (2013) Identity, literacy and the Multilingual classroom, The multilingual turn, Implications for SLA, TESOL and Bilingual Education, P118.2.M86 2013, 418.0071 – dc23 2013003826

5 Дмитриев Г.Д. Многокультурное образование. - М.: Народное образование, 1999. – 208 с.

6 Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.